«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ
Басқарма отырысының № 22 хаттамасынан көшірме

Қызылорда қ. 23.11. 2026ж

Қатысқандар:8. Басқарма мүшесінің 5, Шақырылғандар-3

КҮН ТӘРТІБІ

1 сұрақ. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру», 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша №3 жатақханада орналасқан сауда залын жалға алушының өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындау туралы (Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев).

ТЫҢДАЛДЫ: Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев. Университеттің №3 жатақханасында орналасқан сауда залын инвестициялық міндеттемелері бар жобалар шеңберінде ерекше тәртіппен жалдауға беруге қатысты әлеуетті жалға алушы ұсынған конвертті ашу нәтижелерін баяндады.

Н.Ж.Уразбаев: Өтінімдер салынған конвертті соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушы ұсынды:

№3 жатақханасында орналасқан сауда залын бойынша:

1) «Наурыз» ЖК

Ұсынылған құжаттарды зерттеу нәтижесінде «Наурыз» ЖК өтінімі аталған талаптарға толық сәйкес келетіні анықталды.

«Наурыз» ЖК тарапынан ұсынылған инвестиция көлемі – 7 695 534 теңгені құрайды.

Ереженің 12-бөлімі 90-тармағына сәйкес мәселе бойынша Басқарма отырысының қарауына келесі шешім нұсқалары ұсынылады:

1. Рұқсат беру;
2. Бас тарту;
3. Жалпы (тендерлік) рәсімді қолдану деп көрсетілген.

Сонымен қатар, баяндамашы өтінім білдірген барлық заңды және жеке тұлғалардың (ЖШС, ЖК) құрылтайшылары мен басшыларының университет басшылығымен және жауапты тұлғаларымен **мүдделер қақтығысы мен туыстық қатынастарының жоқтығы** алдын ала толық тексеріліп, тиісті құжаттармен расталғанын хабарлады.

№3 жатақханасында орналасқан сауда залы бойынша «Наурыз» ЖК тарапынан ережеге сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың толық тапсырылғандықтан **рұқсат беруді** ұсынамыз.
Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Дауыс беру қорытындылары:
«Жақтап» – 5 дауыс (Н.С.Байкадамов, Д.М.Абдрашева, Н.А.Сақтағанова, Б.А.Досжанов, У.С.Ибраев)
«Қарсы» – дауыстар жоқ
«Қалыс қалды» (айрықша пікір) – дауыстар жоқ

Шешім қабылданды: 5 дауыспен.

Мәселені қарау қорытындылары бойынша «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқармасы **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қатысушы «Наурыз» ЖК тарапынан ережеге сәйкес ұсынылуы тиіс құжаттардың толық тапсырылуына байланысты инвестициялық міндеттемелері бар жобалар бойынша университеттің №3 жатақханасында орналасқан сауда залы бойынша жалға беруге рұқсат берілсін.

2. Өтінімдерді сараптай келе, келесі тұлға жалға алушы (жеңімпаз) болып айқындалсын: «Наурыз» ЖК инвестиция көлемі 7 695 534 (жеті миллион алты жүз тоқсан бес мың бес жүз отыз төрт) теңге, жалға алу мерзімі 4 жыл (23.11.2026ж. - 23.11.2030ж);

3.Осы шешімнің орындалуын бақылау Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж. Уразбаевқа жүктелсін.

Басқарма төрағасы – Ректор **Н.С. Байқадамов**

Басқарма хатшысы **Л.А. Жусупова**